

Біліктілікті Арттырудың Қазақстандық
Өңіраралық Орталығы
Қазақстан Республикасы, 050002,
Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 36 үй,
5 қабат, 520-521 офис
Моб.тел.ватцап :8747 7922734
info@kmcpk.kz
www.kmcpk.kz



Казахстанский Межрегиональный
Центр Повышения Квалификации
Республика Казахстан, 050002,
город Алматы, ул.Пушкина, 36
5 этаж, офис 520-521
Моб.тел.ватцап :8747 7922734
info@kmcpk.kz
www.kmcpk.kz

Бекітілген
Оқу ағарту ҚР министрлігінің
сараптамалық кеңес
қорытынды негізінде 29.08.2026 ж
Э.А. Естемесова

**«Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің кәсіби құзыреттерін дамыту:
заманауи білім беру технологиялары және оқытудың тиімді әдістемелері»
атты педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру
бағдарламасы
қазақ және орыс тілдерінде оқытатын сыныптарда жұмыс істейтін
педагогтерге арналған**

Оқу-тақырыптық жоспар(80 сағат)

№	Модуль. Тақырыптар	Дәрістер	Практика	Өзіндік жұмыс	Барлығы
	Модуль 1. Орыс тілі мен әдебиетін оқытудың нормативтік-құқықтық және тұжырымдамалық негіздері	2	2	2	6
1.1	Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесінде орыс тілі мен әдебиетін оқытуды нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету	1	1	0	2
1.2	«Орыс тілі», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Орыс әдебиеті» пәндері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар мен үлгілік оқу бағдарламалары	1	1	1	3

1.3	Білім беруді дамытудың қазіргі басымдықтары және педагогтің кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар	0	0	1	1
	Орыс тілін оқытудың заманауи тәсілдері мен технологиялары	6	8	4	18
2.1	Орыс тілін оқытудағы құзыреттілікке негізделген, коммуникативтік, іс-әрекеттік және мәтінге бағдарланған тәсілдер	2	1	1	4
2.2	Фонетиканы, лексиканы, сөзжасамды, морфологияны және синтаксисті зерделеудің заманауи әдістері	1	2	1	4
2.3	Білім алушылардың орфографиялық, пунктуациялық және сөйлеу сауаттылығын қалыптастыру	1	2	1	4
2.4	Ауызша және жазбаша сөйлеуді, дәлелдеуді, академиялық және шығармашылық жазылымды дамыту	1	2	0	3
2.5	Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын сыныптарда орыс тілін оқыту ерекшеліктері	1	1	1	3
	Модуль 3. Әдебиетті оқытудың заманауи әдістемелері	5	7	4	16
3.1	Көркем шығарманы зерделеудің заманауи тәсілдері	1	1	1	3
3.2	Әдеби шығарманың тақырыбын, идеясын, проблематикасын,	1	2	1	4

	композициясын және бейнелер жүйесін талдау				
3.3	Оқырмандық мотивацияны және әдебиетті эмоциялық-құндылық тұрғысынан қабылдауды дамыту әдістері	1	1	1	3
3.4	Әдебиетті проблемалық, диалогтік және салыстырмалы-салғастырмалы тұрғыдан зерделеу	1	2	0	3
3.5	Әдебиет сабақтарындағы жобалық, зерттеу және шығармашылық қызмет	1	1	1	3
	Модуль 4.Білім алушылардың функционалдық және оқырмандық сауаттылығын қалыптастыру	4	7	3	14
4.1	Функционалдық және оқырмандық сауаттылық: мазмұны, құрылымы және қалыптасу деңгейлері	1	1	1	3
4.2	Мағыналық, сыни және талдамалық оқу стратегиялары	1	2	1	4
4.3	Көркем, публицистикалық, ғылыми-көпшілік және цифрлық мәтіндермен жұмыс	1	2	0	3
4.4	Тұтас, тұтас емес және аралас форматтағы мәтіндермен жұмыс істеуге арналған тапсырмаларды әзірлеу	1	2	1	4
	Модуль 5. Орыс тілі мен әдебиетін оқытудағы цифрлық	3	5	2	10

	технологиялар және жасанды интеллект				
5.1	Мұғалім-филологтың жұмысындағы цифрлық білім беру ресурстары мен интерактивті платформалар	1	2	0	3
5.2	Оқу материалдары мен тапсырмаларды жобалауда жасанды интеллект мүмкіндіктері	1	2	1	4
5.3	Медиасауаттылық, академиялық адалдық, авторлық құқық және дербес деректерді қорғау	1	1	1	3
	Модуль 6. Саралау, бағалау және заманауи сабақты жобалау	3	6	3	12
6.1	Орыс тілі мен әдебиеті сабақтарындағы сараланған, дербестендірілген және инклюзивті оқыту	1	2	1	4
6.2	Критериалды және қалыптастырушы бағалау: критерийлер, дескрипторлар және кері байланыс	1	2	1	4
6.3	Орыс тілі мен әдебиетінің заманауи сабағын жобалау	1	2	1	4
	Модуль 7. Қорытынды бағалау және педагогикалық өнімді қорғау	0	3	1	4
7.1	Бағдарлама мазмұны бойынша қорытынды тестілеу	0	1	0	1
7.2	Қорытынды педагогикалық өнімді таныстыру және қорғау	0	2	0	2

7.3	Қорытынды рефлексия және оқу нәтижелерін педагогикалық практикаға енгізу жоспары	0	0	1	1
	Жиыны	23	38	19	80

9. Курстан кейінгі қолдау

Курстан кейінгі қолдау біліктілікті арттыру курстары аяқталғаннан кейін білім беру үдерісінің жалғасы болып табылады және педагогтерге меңгерген білімдерін, әдістемелері мен білім беру технологияларын орыс тілі мен әдебиетін оқыту практикасына енгізу кезінде қолдау көрсетуге бағытталады.

Курстан кейінгі қолдаудың мақсаты педагогтердің тұрақты кәсіби дамуын қамтамасыз ету, мақсатты әдістемелік көмек көрсету, туындайтын кәсіби қиындықтарды еңсеру, меңгерілген тәсілдерді енгізу нәтижелерін талдау және тиімді педагогикалық тәжірибені тарату болып табылады.

Курстан кейінгі қолдау біліктілікті арттыру ұйымы тарапынан курс оқытушыларымен, әдіскерлермен, әдістемелік бірлестіктер жетекшілерімен және Бағдарлама бойынша оқуды аяқтаған педагогтермен өзара іс-қимыл жасау арқылы жүзеге асырылады.

Курстан кейінгі қолдаудың форматы мен ұзақтығы

Курстан кейінгі қолдау күндізгі, қашықтан немесе аралас форматта жүзеге асырылады.

Күндізгі формат жеке және топтық консультациялар, әдістемелік семинарлар, дөңгелек үстелдер, шеберлік сыныптары, педагогикалық шеберханалар, ашық сабақтар, әдістемелік бірлестіктер мен кәсіби қоғамдастықтардың отырыстарын өткізуді көздейді.

Қашықтан формат цифрлық білім беру платформалары, электрондық пошта, бейнеконференц байланысын, онлайн-консультациялар, вебинарлар, кәсіби чаттар, форумдар және электрондық әдістемелік қоғамдастықтар арқылы жүзеге асырылады.

Аралас формат күндізгі іс-шараларды онлайн-консультациялармен, вебинарлармен, цифрлық материалдар алмасумен, педагогтердің әдістемелік әзірлемелеріне қашықтан сараптама жүргізумен және оқу нәтижелерін енгізу бойынша педагогтердің өзіндік жұмысымен біріктіреді.

Курстан кейінгі қолдау курс аяқталғаннан кейінгі бір күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Оқу нәтижелерін енгізу мониторингі үш, алты және он екі айдан кейін жүргізіледі.

Қолдаудың мазмұны педагогтердің кәсіби қажеттіліктерін, қорытынды бағалау нәтижелерін, кәсіби дамудың жеке жоспарларын және меңгерілген әдістер мен технологияларды қолдану барысында туындайтын қиындықтарды ескере отырып айқындалады.

Курстан кейінгі қолдаудың негізгі бағыттары

Курстан кейінгі қолдау мыналарға бағытталады:

- педагогтерге консультациялық және әдістемелік қолдау көрсетуге;
- курстық оқыту нәтижелерін енгізуді сүйемелдеуге;
- орыс тілі мен әдебиеті сабақтарын жобалау кезінде көмек көрсетуге;
- оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу мен сынақтан өткізуді қолдауға;
- функционалдық және оқырмандық сауаттылықты қалыптастыру әдістерін жетілдіруге;
- сараланған және дербестендірілген оқыту дағдыларын дамытуға;
- критериалды және қалыптастырушы бағалауды жетілдіруге;
- цифрлық ресурстар мен жасанды интеллект технологияларын педагогикалық тұрғыдан негізді пайдалануды қолдауға;
- педагогтердің кәсіби қызметіндегі өзгерістерді талдауға;
- кәсіби қиындықтарды анықтауға және еңсеруге;
- кәсіби рефлексияны дамытуға;
- тиімді педагогикалық практикалармен алмасуға және оларды таратуға;
- орыс тілі мен әдебиеті мұғалдерінің кәсіби қоғамдастығын қалыптастыруға.

Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиетін оқыту, тілді меңгеруді қолдауды қолдану, тілдер арасындағы интерференцияның алдын алу және білім алушылардың тілдік дайындық деңгейінің әртүрлілігін ескеру мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Курстан кейінгі қолдаудың нысандары

Курстан кейінгі қолдаудың негізгі нысандарына мыналар жатады:

- жеке және топтық консультациялар;
- онлайн-консультациялар және вебинарлар;
- әдістемелік семинарлар;
- шеберлік сыныптары;
- дөңгелек үстелдер;
- педагогикалық шеберханалар;
- ашық сабақтар;
- сабақтарға өзара қатысу;
- сабақтардың бейнежазбаларын талқылау;
- әдістемелік бірлестіктердің отырыстары;
- шығармашылық және проблемалық топтардың жұмысы;
- тәлімгерлік;
- кәсіби пікірталастар;
- оқу-әдістемелік материалдарға өзара сараптама жүргізу;
- педагогикалық жобаларды сүйемелдеу;

- кәсіби портфолио жүргізу;
- конференцияларға, конкурстарға және әдістемелік іс-шараларға қатысу;
- педагогикалық тәжірибені жариялау және тарату.

Қолдау нысандары педагогтердің жеке сұраныстарын, анықталған кәсіби қиындықтардың сипатын және біліктілікті арттыру ұйымының техникалық мүмкіндіктерін ескере отырып таңдалады.

Құрстан кейінгі қолдаудың әдістері

Құрстан кейінгі қолдау барысында мынадай әдістер қолданылады:

- консультация беру;
- тәлімгерлік;
- коучинг;
- әдістемелік талдау;
- сараптамалық бағалау;
- бақылау;
- өзіндік талдау;
- өзара талдау;
- педагогикалық рефлексия;
- кәсіби қиындықтарды талдау;
- педагогикалық кейстерді шешу;
- проблемалық жағдаяттарды талқылау;
- тәжірибе алмасу;
- өзара оқыту;
- жобалау;
- оқу-әдістемелік материалдарды сынақтан өткізу;
- кәсіби өзгерістер мониторингі;
- сындарлы кері байланыс ұсыну.

Консультация беру сабақтарды жоспарлау, тапсырмаларды әзірлеу, мәтінмен жұмысты ұйымдастыру, оқыту және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау әдістерін таңдау мәселелері бойынша мақсатты көмек көрсету үшін қолданылады.

Тәлімгерлік жаңа тәсілдер мен технологияларды енгізу барысында педагогтің курс оқытушысымен, әдіскермен немесе тәжірибелі әріптесімен кәсіби өзара іс-қимылын көздейді.

Коучинг педагогтің кәсіби мақсаттарын айқындауға, оның ішкі ресурстарын белсендіруге, педагогикалық міндеттерді шешу жолдарын іздеуге және қол жеткізілген нәтижелерді талдауға бағытталады.

Әдістемелік талдау қысқа мерзімді жоспарларды, оқу тапсырмаларын, жаттығулар жүйелерін, бағалау критерийлерін, дескрипторларды, цифрлық ресурстарды және білім алушылар қызметінің нәтижелерін қарастыру кезінде пайдаланылады.

Сараптамалық бағалау педагогикалық өнімдердің сапасын әдістемелік негізділігі, практикалық қолданылуы, оқу мақсаттарына сәйкестігі, оқыту тілінің және білім алушылардың білім беру қажеттіліктерінің ескерілуі критерийлері бойынша талдауды көздейді.

Курстан кейінгі қолдаудың мазмұны

Курстан кейінгі қолдаудың мазмұны Бағдарламаның тақырыптық мазмұнына сәйкес айқындалады және мыналарды қамтиды:

- нормативтік құқықтық актілер мен үлгілік оқу бағдарламаларындағы өзгерістерді түсіндіру;
- орыс тілі мен әдебиеті сабақтарын жобалау мәселелері бойынша консультация беру;
- құзыреттілік, коммуникативтік, іс-әрекеттік және мәтінге бағдарланған тәсілдерді қолдануды қолдау;
- функционалдық және оқырмандық сауаттылықты дамытуға арналған тапсырмаларды әзірлеуге көмек көрсету;
- мағыналық, сыни және аналитикалық оқуға арналған материалдарды талдау;
- көркем шығарманы талдау және интерпретациялау мәселелері бойынша консультация беру;
- сараланған тапсырмаларды әзірлеу және түзету;
- қазақ тілінде оқытатын сыныптарда оқыту әдістемелерін жетілдіру;
- тілдер арасындағы интерференцияның алдын алу және оны түзету;
- сөйлеу модельдерін, тілдік және визуалды тіректерді әзірлеу;
- білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеуін дамыту;
- бағалау критерийлері мен дескрипторларды жетілдіру;
- қалыптастырушы бағалау мен сындарлы кері байланысты қолдану;
- цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану;
- жасанды интеллект технологияларын педагогикалық тұрғыдан негіздеп қолдану;
- академиялық адалдық, авторлық құқық, ақпараттық қауіпсіздік және дербес деректерді қорғау қағидаттарын сақтау;
- білім алушылардың зерттеушілік, жобалық және шығармашылық қызметін ұйымдастыру.

Курстан кейінгі қолдау педагогтің жеке кәсіби қиындықтарын шешуге де, әдістемелік бірлестіктің немесе білім беру ұйымының ұжымдық практикасын жетілдіруге де бағытталуы мүмкін.

Курстан кейінгі қолдаудың кезеңдері

Курстан кейінгі қолдау диагностикалық, консультациялық-әдістемелік, практикалық-енгізу және талдамалық-рефлексиялық кезеңдерді қамтиды.

Диагностикалық кезең курс аяқталғаннан кейінгі алғашқы үш ай ішінде жүргізіледі. Бұл кезең педагогтердің кәсіби қажеттіліктерін анықтауды, оқу нәтижелерін енгізудің жеке жоспарларын талдауды, бастапқы қиындықтарды

айқындауды және меңгерілген әдістемелерді қолдануға дайындығын бағалауды көздейді.

Консультациялық-әдістемелік кезең ұсынымдарды, алгоритмдерді, тапсырмалар үлгілерін, әдістемелік материалдарды, бағалау критерийлері мен цифрлық ресурстарды ұсынуды қамтиды. Педагогтерге оқу нәтижелерін енгізу барысында туындайтын мәселелер бойынша мақсатты көмек көрсетіледі.

Практикалық-енгізу кезеңі әзірленген материалдарды сынақтан өткізуді, меңгерілген әдістер мен технологияларды қолдана отырып сабақтар өткізуді, оларды пайдалану нәтижелері туралы ақпарат жинауды және педагогикалық практиканы түзетуді көздейді.

Талдамалық-рефлексиялық кезең орын алған өзгерістерді талдауға, енгізу нәтижелерін талқылауға, табысты практикаларды анықтауға, тәжірибеге жалпы қорытынды жасауға және кәсіби дамудың одан арғы міндеттерін айқындауға бағытталады.

Оқу нәтижелерін енгізудің жеке жоспары

Курс аяқталғаннан кейін әрбір тыңдаушы оқу нәтижелерін педагогикалық практикаға енгізудің жеке жоспарын жасайды.

Жеке жоспар мыналарды қамтиды:

- кәсіби мақсат;
- таңдалған әдістемелер мен технологиялар;
- жоспарланған іс-әрекеттер;
- оларды іске асыру мерзімдері;
- қажетті ресурстар;
- күтілетін өзгерістер;
- нәтижеге қол жеткізу көрсеткіштері;
- нәтижелерді тіркеу және талдау тәсілдері;
- педагогикалық тәжірибені ұсыну нысандары.

Жоспарда сабақтар сериясын әзірлеу және өткізу, оқырмандық стратегияларды енгізу, функционалдық сауаттылыққа арналған тапсырмаларды сынақтан өткізу, цифрлық білім беру ресурсын пайдалану, жасанды интеллект технологияларын қолдану немесе бағалау жүйесін жетілдіру көзделуі мүмкін.

Жеке жоспар консультациялық қолдауды көрсету және кәсіби өзгерістер мониторингін жүргізу үшін негіз ретінде пайдаланылады.

Оқу нәтижелерін енгізу мониторингі

Мониторинг оқу нәтижелерінің енгізілу деңгейін анықтауға, кәсіби қиындықтарды анықтауға және педагогикалық практикадағы өзгерістерді бағалауға бағытталады.

Бірінші мониторинг курс аяқталғаннан кейін үш айдан соң жүргізіледі және меңгерілген әдістер мен технологияларды енгізудің бастапқы деңгейін анықтауға бағытталады. Педагогтің жеке жоспары, алғашқы әзірленген материалдары, туындайтын қиындықтары және әдістемелік қолдауға қажеттілігі талданады.

Екінші мониторинг алты айдан соң жүргізіледі және меңгерілген тәсілдерді қолданудың тұрақтылығын, әзірленген тапсырмалардың сапасын, сабақты ұйымдастырудағы, оқытуды саралаудағы және оқу жетістіктерін бағалаудағы өзгерістерді бағалауға бағытталады.

Қорытынды мониторинг он екі айдан соң жүргізіледі және педагогтің кәсіби даму нәтижелерін, енгізілген әдістемелердің тиімділігін, педагогикалық өнімдердің сапасын және табысты тәжірибені тарату мүмкіндіктерін кешенді талдауды көздейді.

Мониторинг мыналар арқылы жүзеге асырылады:

- сауалнама жүргізу;
- сұхбат жүргізу;
- өзін-өзі бағалау;
- жеке жоспарды талдау;
- қысқа мерзімді жоспарларды талдау;
- әзірленген оқу тапсырмаларын зерделеу;
- кәсіби портфолионы талдау;
- сабақтарды бақылау;
- сабақтарға өзара қатысу;
- сабақтардың бейнежазбаларын талдау;
- педагогикалық өнімдерге сараптамалық бағалау жүргізу;
- білім алушылардың нәтижелерін зерделеу;
- онлайн-сауалнамалар;
- кәсіби қоғамдастықта нәтижелерді талқылау.

Мониторингтің әрбір кезеңінің нәтижелері мақсатты кері байланыс ұсыну, жеке жоспарға түзетулер енгізу және педагогтің кәсіби дамуының одан арғы бағыттарын айқындау үшін пайдаланылады.

Курстан кейінгі қолдаудың нәтижелілік критерийлері

Курстан кейінгі қолдаудың нәтижелілігі мынадай критерийлер негізінде айқындалады:

- оқу нәтижелерін енгізудің жеке жоспарының орындалу деңгейі;
- меңгерілген әдістер мен технологияларды жүйелі түрде қолдану;
- әзірленген оқу-әдістемелік материалдардың сапасы;
- сабақтардың оқу мақсаттары мен күтілетін нәтижелерге сәйкестігі;
- функционалдық және оқырмандық сауаттылықты дамытуға арналған тапсырмаларды пайдалану;
- қазақ және орыс тілдерінде оқытатын сыныптардың ерекшеліктерін ескеру;
- сараланған және дербестендірілген тәсілдерді қолдану;
- бағалау критерийлерінің, дескрипторлар мен кері байланыстың сапасы;
- цифрлық ресурстарды педагогикалық тұрғыдан негіздеп пайдалану;

- жасанды интеллект технологияларын жауапкершілікпен пайдалану;
- академиялық адалдық және ақпараттық қауіпсіздік қағидаттарын сақтау;
- білім алушылардың белсенділігі мен оқу нәтижелеріндегі оң өзгерістер;
- педагогтің кәсіби тәжірибе алмасуға қатысуы;
- табысты тәжірибені ұсыну және тарату;
- кәсіби рефлексия дағдыларын дамыту.

Курстан кейінгі қолдаудың күтілетін нәтижелері

Курстан кейінгі қолдау нәтижесінде педагогтер:

- меңгерілген әдістемелер мен технологияларды білім беру үдерісіне енгізеді;
- орыс тілі мен әдебиеті сабақтарын жоспарлау мен өткізуді жетілдіреді;
- практикалық-бағдарланған оқу тапсырмаларын әзірлейді және сынақтан өткізеді;
- функционалдық және оқырмандық сауаттылықты дамыту стратегияларын қолданады;
- мәтіндерді талдау және интерпретациялау әдістерін жетілдіреді;
- қазақ және орыс тілдерінде оқытатын сыныптардың ерекшеліктерін ескереді;
- саралау мен тілді меңгеруді қолдауды қолданады;
- тілдер арасындағы интерференция көріністерінің алдын алады;
- критериалды және қалыптастырушы бағалауды жетілдіреді;
- цифрлық құралдар мен жасанды интеллект технологияларын қолданады;
- өздерінің педагогикалық практикасының тиімділігін талдайды;
- әріптестерімен тәжірибе алмасады;
- табысты педагогикалық практикаларды ұсынады және таратады;
- одан әрі кәсіби даму бағыттарын айқындайды.

Курстан кейінгі қолдау педагогтердің кәсіби дамуының үздіксіздігін қамтамасыз етеді, оқу нәтижелерін тұрақты енгізуге және қазақ және орыс тілдерінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиетін оқыту сапасын арттыруға ықпал етеді.